

«СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АКИМАТА
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

24 февраля 2022 г.
Петропавл қаласы

ПРИКАЗ

№ 59-н
город Петропавловск

«Базалық медициналық ұйымдарды бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы №319 «Білім туралы» Заңының 40-бабы 4-тармағының 4-тармақшасына (01.01.2022 жылғы жағдай бойынша өзгертулер және толықтырулармен), Қазақстан Республикасының 18.09.2009 жылғы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 175-бабы 2-тармағына (25.05.2020 жылғы жағдай бойынша толықтырулар және өзгертулермен), ҚР ДСМ 21.12.2020 жылғы «Медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ереже» ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығының 2-тарауына, ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №604 «Білім беру деңгейлерінің барлық білім беру ұйымдарында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 1-тармағының 5-тармақшасына (23.07.2021 жылғы №362 өзгертулер және толықтыруларымен), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 28.01.2016 жылғы №93 «Кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың нысанын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, орта медициналық білімі бар мамандарды даярлау сапасын одан әрі арттыру, оқу үшін қолайлы жағдай жасау, ынтымақтастықты нығайту, денсаулық сақтау саласына кадрларды даярлау сапасы үшін медицина колледжі және медициналық ұйымдар басшылары мен ұжымдарының өзара мүдделілігі мен жауапкершілігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Медицина ұйымдарының директорлары жоғарыда аталған бұйрықтарды басшылыққа алсын және орындасын.
2. Базалық медициналық ұйымдар ретінде «Солтүстік Қазақстан жоғары медицина колледжі» ШЖҚ КМК-сына белгісіз мерзімге келесі медициналық ұйымдар бекітілсін:
 - 1) «Көпбейінді облыстық аурухана» ШЖҚ КМК, оның ішінде тері-венерологиялық диспансер, перинаталдық орталық, онкологиялық орталық, кардиологиялық орталық;
 - 2) «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы ШЖҚ КМК;
 - 3) «Облыстық стоматологиялық емхана» ШЖҚ КМК;
 - 4) «Облыстық жедел медициналық жәрдем орталығы» ШЖҚ КМК;

- 5) «Облыстық фтизиопульмология орталығы» ШЖҚ КМК;
- 6) «Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК;
- 7) «№ 1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК;
- 8) «№2 қалалық емхана» ШЖҚ КМК;
- 9) «№ 3 қалалық емхана» ШЖҚ КМК;
- 10) «Бірінші қалалық аурухана» ШЖҚ КМК;
- 11) «Көпбейінді қалалық жедел медициналық жәрдем ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 12) «Айыртау аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 13) «Ақжар аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 14) «Аққайың аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 15) «Явленка аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 16) «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 17) «Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 18) «Қызылжар аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 19) «Мамлют аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 20) «Ғабит Мүсірепов ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 21) «Тайынша аудандықкөпбейінді ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 22) «Тимирязев аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 23) «Уәлиханов аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК;
- 24) «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК.

3. Базалық МҰ директорлары мен «Солтүстік Қазақстан жоғары медицина» колледжі» ШЖҚ КМК директоры Дүйсембаев Ә.Қ. **01.03.2022 жылға дейін** денсаулық сақтау мамандарын даярлау бойынша нақты жұмыс мазмұны мен көлемін, өзара талаптар мен оларды іске асыру мерзімдерін анықтайтын шарттық міндеттемелер жасасын.

4. Базалық МҰ директорлары «Солтүстік Қазақстан жоғары медицина колледжі» ШЖҚ КМК студенттерінің оқу, оқу-өндірістік және кәсіптік практикалардан өтуі үшін медицина колледжімен бірлесіп жабдықталған оқу бөлмелерін ақысыз негізде ұстау және ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

5. МҰ директорлары мен «Солтүстік Қазақстан жоғары медицина колледжі» ШЖҚ КМК директоры Дүйсембаев Ә.Қ. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 21.12.2020 жылғы ҚР ДСМ-304/2020 «Медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ереже» бұйрығына және шарттық міндеттемелерге сәйкес клиникалық базалар туралы ереже талаптарының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін, оларды әдістемелік және педагогикалық кеңестердің бірлескен отырыстарында іске асыру жөніндегі мәселелерді қарасын, орын алған кемшіліктер мен олардың себептерін жою жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

6. Қандай да бір Тарап өзінің шарттық міндеттемелерін орындамаған немесе орындаудан бас тартқан жағдайда, қарсы тарап мәселені оңтайлы шешу және кінәлі адамдарға әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдау мақсатында Денсаулық сақтау басқармасы алқасының талқылауына қоюға құқылы.

7. Басшы орынбасарының м.а. Е.С.Баязитовке жыл сайын ұйымдастыру мәселелерін, мамандық бойынша практикалық іскерліктер мен дағдыларды кезең-кезеңімен аттестаттау нәтижелерін, мемлекеттік емтихандарды және мамандардың біліктілік сипаттамалары мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін карауды жоспарласын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшы орынбасарының Е.С.Баязитовке жүктелсін.

Басқарма басшысы



Н. Айманов